

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ**

**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

**«22» қаңтар 2026 жыл
сағ. 15:00**

Алматы қаласы

Күн тәртібінде:

1. 2026 жылғы әдістемелік апталықты өткізу туралы есеп (Әбдірахман Гүлнар Бакытқызы – академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы);
2. Студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру барысы туралы (Далиева Жанат Айтугановна – Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы);
3. 2026-2027 оқу ж. кәсіби тәжірибелер базасын жаңарту (Тоқеева Айгерим Даулетовна – мансаптық даму және кәсіби бағдарлау бөлімінің басшысы);
4. Қысқы емтихан сессияның қорытындысы (Шомшекова Асима Абеновна – офис-тіркеуші бөлімінің басшысы; Тлеулинова Жұлдыз Адилхановна – ғылыми кадрларды даярлау бөлімі басшысының орынбасары);
5. «Оқытушы студенттің көзімен атты» сауалнама есебі (Молдабаева Амина Ералиевна – стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы);
6. Әр түрлі
 - 6.1. Кафедра менгерушілері мен факультет декандарының қызметін бағалау критерийлері туралы ереженің жобасын талқылау және Ғылыми кеңеске бекітуге ұсыну туралы;
 - 6.2. «Факультеттер кеңесі» ережесін қарау және Ғылыми кеңеске бекітуге ұсыну туралы;
 - 6.3. Академиялық сапа жөніндегі кеңес туралы ережені қайта қарау және Ғылыми кеңеске бекітуге ұсыну туралы;
 - 6.4. Аккредиттеу комиссияларының ұсынымдарына және білім беру бағдарламалары туралы ереженің жаңартылуына байланысты білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарындағы (План развития ОП) өзгерістер туралы;

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Қайырлы күн құрметті әріптестер.

Оқу-әдістемелік кеңес отырысына қош келдіңіздер.

Күн тәртібінде 6 мәселе қарастырылады. Дауыс берілсін: Бір ауыздан мақұлданды. Қарсы – жоқ. Қалыс қалғандар – жоқ.

Бірінші мәселе бойынша 2026 жылғы әдістемелік апталықты өткізу туралы есеп, академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы Әбдірахман Гүлнар Бақытқызына сөз беріледі.

Сөз сөйлеген Әбдірахман Г.Б.: Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер. 2026 жылғы әдістемелік апталықтың мақсаты, кәсіби пікірталас ортасын қалыптастыру және білім беру процесін дамытудың басым бағыттарын талқылау. Негізгі міндеттері жобалау және жаңарту тәсілдерін талқылау, мүмкіндіктер мен шектеулерді анықтау, заманауи модельдер мен бейімдеу механизмдері болып табылады.

Әдістемелік апта материалдары білім беру бағдарламаларын жетілдіруде, оқу-әдістемелік басылымдарды дайындауда және Академияны дамытудың стратегиялық бағыттарын әзірлеуде пайдалануға ұсынылады.

Академияның цифрлық білім беру процестерін біріздендіру мақсатында автоматтандырылған ақпараттық жүйеде жұмыс істеу бойынша оқыту семинары өткізілді.

Біздің мұғалімдер жасанды интеллектті өте белсенді және дұрыс қолданып жатыр. Жасанды интеллект оқытушыны алмастыра алмайды деген түсінік бар. Ерекше прогрессивті тәжірибені атап өткім келіп отыр, ол музыкалық өнер факультетіндегі концертмейстердің орнына жасанды интеллект бағдарламасын қолданатын оқытушы бар. Музыканттар, дыбыс режиссерлар үшін көптеген бағдарламалар бар, біз оны дамытуымыз керек.

Әдістемелік семинарға белсенді қатысқандарыңызға алғыс айтамын.

Рахмет. Сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Шешім қабылданды: 2026 жылғы әдістемелік апталықты өткізу туралы есеб қабылдансын.

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Күн тәртібіндегі екінші сұрақ, 2026-2027 оқу ж. кәсіби тәжірибелер базасын жаңарту. Сөз кезегі Токеева Айгерим Даулетовнаға беріледі.

Сөз сөйлеген Токеева А.Д.: 2026-2027 оқу ж. кәсіби тәжірибелер базасын жаңарту туралы ақпаратты ұсынамын. Ақпаратты факультеттер бойынша дайындадық. хореография факультетінде барлығы - 26 тәжірибе базасы бар. Оның 15 жаңа тәжірибе базасы, 11- негізгі тәжірибе базасы, яғни тәжірибелік база 58% жаңартып отыр.

Өнертану факультетінде барлығы - 12 тәжірибе базасы бар. Оның 3 жаңа, негізгісі - 8, 25% жаңартылып отыр.

Арт-менеджмент және продюсерлеу кафедрасы бойынша, барлығы - 8, 6 - жаңа, 2 – негізгі тәжірибе базасы бар. 75% жаңартылып отыр.

Театр өнері факультеті бойынша барлығы – 14 тәжірибе базасы бар, 4 – жаңа, 10 – негізгі тәжірибе базасы, 29% жаңартылған.

Музыкалық өнер факультеті бойынша, барлығы – 6 негізгі тәжірибе базасы болып табылады.

Кескіндеме, мүсін және дизайн факультеті бойынша, барлығы 13 база, 3 – жаңа тәжірибе базасы, 10 – негізгі тәжірибе базасы, 23% жаңартылған.

Кино және ТВ факультеті бойынша – 18, 9 – жаңа тәжірибе базасы, 9 – негізгі тәжірибе базасы, 50 % жаңартылып отыр.

Академия бойынша жалпы айтатын болсақ, барлығы – 86 база, 40 – жаңа тәжірибе базасы, 46 – негізгі тәжірибе базасы, академия бойынша 47% жаңартылып отыр.

Ұсыныстар: кафедра меңгерушілері кәсіби тәжірибенің уақытылы өтіп жатқанын қадағаласын; тәжірибе жетекшілері білім алушылардың кәсіби тәжірибе есептерін, күнделіктерін бөлімге уақытында толтырып, өткізулерін қамтамасыз етулері керек.

2026-2027 оқу жылында кафедраларға 1 қазанға дейін кәсіби тәжірибе базалары оқу жылының басында анықталу керек; 1 қазанға дейін базалардың кәсіби тәжірибе түріне сәйкес келуін қадағаласын; 25 қарашаға дейін кәсіби тәжірибе базаларының реквизиттері, кәсіпорын басшыларының аты-жөндері дұрыс берілсін; 1 қарашаға дейін тәжірибе бағдарламаларының мазмұны (тақырыптары, тапсырмалары) қайта қаралсын.

Рахмет. Сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Бір ауыздан мақұлданды. Қарсы – жоқ. Қалыс қалғандар – жоқ.

Шешім қабылданды: 2026-2027 оқу ж. кәсіби тәжірибелер базасын жаңарту назарға алынсын.

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ, қысқы емтихан сессияның қорытындысы. Шомшекова Асима Абеновна сөз кезегі өзіңізде.

Сөз сөйлеген Шомшекова А.А.: Сәлеметсіздер ме құрметті әріптестер. 2025 жылы 15 – 31 желтоқсан аралығында қысқы емтихан сессиясы жүргізілді. Бірнеше форматта өтті. Сессияға кірген студенттер саны – 2039, 83 - студент қайта тапсыруға қалды. № 595 бұйрыққа сәйкес емтиханды 1 рет тегін тапсыруға мүмкіншілігі бар.

1047 студентке стипендия тағайындалды. 131 студентке жоғары стипендия тағайындалды, жай стипендия – 916, 160 – студент стипендияден құлады, яғни 5 студентке стипендия тағайындалмады, себебі академиялық ұтқырлық бағдарламасынан қайтып оралмады.

Рахмет. Сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Шешім қабылданды: Қысқы емтихан сессияның қорытынды есебі қабылдансын.

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Күн тәртібіндегі төртінші сұрақ, «Оқытушы студенттің көзімен атты» сауалнама есебі. Баяндамашы Молдабаева Амина Ералиевна стратегиялық даму, тәуекелдерді талдау және бағалау бөлімінің басшысы.

Сөз сөйлеген Молдабаева А.Е.: Қайырлы күн әріптестер. «Оқытушы студенттің көзімен» атты сауалнама өтті. Сауалнаманың негізгі мақсаты оқыту

сапасын бағалау. Сауалнама 2025 жылы қараша айының 11 – 27 желтоқсан аралығында өтті. Сауалнамаға қатысқан профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны – 424 бағаланды, 15 оқытушы бағаланбай қалды. Барлығы 2235 студенттің 1374 студенті сауалнамаға қатысты, яғни Арт-менеджмент және продюсерлеу кафедрасы - 98%, Хореография факультеті - 74%, Кино және ТВ факультеті - 72%, Кескіндеме, мүсін және дизайн - 59%, Музыкалық өнер факультеті - 54 %, Өнертану факультеті - 54%, Театр өнері факультеті - 52%.

Сауалнама 5 бөлімнен тұрды. Сұрақтар саны – 29.

Жалпы оқыту сапасының бағасы, керемет - 79%, жақсы - 16%, қанағаттанарлық – 4%, қанағаттанарлықсыз - 1%. Бұл көрсеткіштер ПОҚ-тың кәсіби және академиялық әлеуетінің жеткілікті деңгейде екенін және оқу үдерісінің базалық талаптарға сай ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Сауалнама нәтижесінде жақсы жақтары анықталды, ол оқытушылардың пәнді жетік меңгеруі, ақпаратты түсінікті әрі нақты жеткізуі, академиялық этика және кәсіби тіл, бағалаудың уақытылы жүргізілуі.

Кемшіліктер, сабақ барысында студенттердің белсенділігін арттырудың жеткіліксіздігі, интерактивті және заманауи оқыту әдістерінің шектеулі қолданылуы, практикалық сабақтарда әр түрлі жұмыс формаларының аз қолданылуы, аудио-бейне және цифрлық ресурстарды пайдалану деңгейінің төмендігі, жеке және уақытылы кері байланыстың әлсіздігі.

Кемшіліктерді жою үшін алдымызда келесіздей міндеттер бар: сабақтардың сапасын, оқу процесінің тиімділігін арттыру; білім алушылардың сабаққа қатысуы мен белсенділігін күшейту; білім алушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыру; оқытушылардың педагогикалық шеберлігін тұрақты түрде жетілдіру; білім беру процесінің жалпы тиімділігі мен оқу орнының беделін өсіру.

Айтылған міндеттерді орындау үшін декандар мен кафедра меңгерушілерге тапсырма: келесі семестрде сауалнамаға білім алушылардың 100% қатысуын қамтамасыз етілсін; оқытушылар арасында өзара сабаққа қатысу тәжірибесін кеңейтсін; әр пән бойынша сабақтардың кемінде 30–40%-ын интерактивті форматта өткізілуін (пікірталас, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, психологиялық консилиум және т.с.с); практикалық сабақтарда рөлдік ойындар, жобалық тапсырмалар, «Мозайка», «Ми шабуылы» сияқты әдістерді қолдануын; түсіндірмелі-иллюстративті (схема, таблица, тезис, т.б.) материалдарды қолдануын; оқытушының білім алушыға жеке тапсырма таңдау (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға), әдебиеттермен жұмыс жасай білу, тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретуін; оқытушының білім алушымен кері байланыс орнатып, жұмыс сапасын талдауын қадағаласын. Сабақтарда (презентация, бейнесабақ, онлайн платформа), цифрлық білім ресурстарын қолдануды міндеттесін; білім алушылардың сабақтағы белсенділігін бақылап, кафедра отырысында талқыласын.

Сауалнама нәтижелері профессор-оқытушылар құрамының жалпы кәсіби деңгейі жоғары екенін көрсетті.

Алайда, студенттердің сабаққа қатысуы/қызығушылығы, интерактивті оқыту әдістерін қолдану және кері байланыс беру бағыттарын жетілдіруді қажет ететін жүйелік мәселелер анықталды. Ұсынылған қаулы жобасы оқу сапасын арттыруға және білім алушылардың қанағаттану деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Рахмет. Сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Бір ауыздан мақұлданды. Қарсы – жоқ. Қалыс қалғандар – жоқ.

Шешім қабылданды: «Оқытушы студенттің көзімен атты» сауалнама есебі қабылданып.

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Күн тәртібіндегі бесінші сұрақ, студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру барысы туралы. Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Далиева Жанат Айтугановнаға сөз беріледі.

Сөз сөйлеген Далиева Ж.А.: 2025 – 2026 оқу жылының көктем семестрінде 25 қыркүйек пен 10 қазан аралығында ішкі іріктеу конкурсын өткізгенбіз. Ішкі іріктеу конкурсына 61 студент құжат тапсырды. 12 студент IELTS сертификатымен келді. Бұл өте жақсы көрсеткіш. 14 – 15 қазан аралығында конкурс өтті. Бұл конкурсқа қатысқан балалардың саны – 58.

Іріктеу конкурсының нәтижесінен кейін 37 бала екінші кезеңге өтіп құжаттары Европадағы серіктес жоғары оқу орындарына жіберілгеннен кейін 17 бала толықтай оқуға өтті, шақырту қағаздарын алды.

Академияда республикалық жоғары оқу орындары арасында ішкі академиялық мобильділік бағдарламасы белсенді түрде жүзеге асырылуда. Ағымдағы жылы 5 студент түрлі мамандықтар бойынша студенттер Академияға оқуға қабылданып, 8 студент серіктес ЖОО-ға білім алуға жіберілді.

Ағымдағы оқу жылында академия Эрасмус бағдарламасы бойынша Клуб-Напокадағы өнер және дизайн университетіне 1 оқытушыны тәжірибе алмасу мақсатымен жіберген болатын.

Көктемгі семестрде «Кітап графикасы» мамандығы бойынша 1 студент Эрасмус бағдарламасы аясында 1 семестр Венгрия бейнелеу өнері университетінде білім алмақ.

2025 жылдың желтоқсан айынан бастап 2026 жылдың 19 - ақпан айына дейін барлық жобалар аясында өтініштер қабылданып жатыр. Академия Эрасмус+ бағдарламасының «Халықаралық кредиттік ұтқырлық» жобасы аясында Европалық ЖОО-мен келесі оқу жылында жұмыс атқаруды жоспарлап отыр: Латвия мәдениет академиясы, Венгрия бейнелеу өнері университеті, Краков қаласындағы Ян Матейко атындағы көркемөнер академиясы.

Рахмет. Сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақ жоқ.

Бір ауыздан мақұлданды. Қарсы – жоқ. Қалыс қалғандар – жоқ.

Шешім қабылданды: Студенттердің академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыру барысы назарға алынсын.

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша төрт сұрақ қарастырылады. Гүлнар Бақытқызы сөз кезегі өзіңізде.

Сөз сөйлеген Әбдірахман Г.Б.: Как вы знаете у нас большая деструктуризация внутри управления факультетов произошла. Мы договаривались об этом давно. Положения о САК и совете факультета были разосланы на обсуждение, никаких предложений не поступала. Было важно в двух положениях развести функции двух структур САК и совета факультета.

САК создается в составе председателя, членов и секретаря. Состав САК формируется с учётом задач обеспечения академического качества образовательных программ.

В состав САК входят представители профессорско-преподавательского состава, обладающие опытом реализации образовательных программ и участия в обеспечении академического качества. В состав САК могут входить представители администрации и структурных подразделений, не участвующие непосредственно в разработке и реализации анализируемых образовательных программ, при условии отсутствия конфликта интересов. Численный состав Совета по академическому качеству формируется в нечетном количестве и составляет, как правило, от 7 до 11 человек.

Кандидатуры председателя и членов САК формируются с учетом предложений руководителей структурных подразделений и утверждаются в установленном в Академии порядке сроком на один учебный год.

САК является коллегиальным органом структурного подразделения, обеспечивающим академическое качество образовательных программ и образовательного процесса.

При планировании деятельности САК учитываются планы развития образовательных программ, академическая политика и планы органов коллегиального управления соответствующего уровня.

САК представляет результаты своей деятельности в форме аналитических материалов и рекомендаций в установленном порядке.

Информация о деятельности САК используется для анализа системы обеспечения академического качества и совершенствования образовательных программ.

Заседания САК проводятся по мере необходимости, но не реже одного раза в семестр.

САК рассматривает вопросы академического качества, не относящиеся к текущим организационным, кадровым и управленческим вопросам деятельности структурных подразделений.

Деятельность Совета по академическому качеству обеспечивается документацией, необходимой для фиксации аналитических материалов и рекомендаций по вопросам академического качества.

Совет по академическому качеству он в структуре академии уже был. Рекомендую пересмотреть состав. САК коллегиальный экспертно-аналитический орган. Он создается на основе типовых правил деятельности ВУЗ который утверждены МНВО, это обязательная структура.

САК может создаваться: 1) на уровне факультета; 2) на уровне общевузовской кафедры; 3) в формате объединённого САК для двух-трёх родственных структурных подразделений.

Основными направлениями деятельности Совета по академическому качеству являются:

- Анализ соответствия учебной и учебно-методической документации требованиям образовательных программ, академической политики и нормативных правовых актов в сфере высшего образования;

- Рассмотрение вопросов содержания и условий реализации образовательных программ и выработка рекомендаций по их совершенствованию;

- Мониторинг соблюдения принципов академической честности обучающимися и ППС, рассмотрение выявленных фактов нарушений и выработка рекомендаций в установленном порядке;

- Анализ качества образовательного процесса на основе результатов мониторинга, анкетирования обучающихся и иных инструментов обеспечения качества;

- Рассмотрение и анализ политики оценивания, включая критерии, формы и процедуры оценки учебных достижений обучающихся;

- Организация и анализ анкетирования обучающихся по вопросам качества образовательных программ, дисциплин и условий обучения;

Участие в формировании предложений по совершенствованию системы обеспечения академического качества в структурном подразделении.

Спасибо. Вопросы есть? Вопросов нет.

Шешім қабылданды:

6. Әр түрлі

6.1 Кафедра меңгерушілері мен факультет декандарының қызметін бағалау критерийлері туралы ереженің жобасы талқылансын және Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылсын;

6.2 «Факультеттер кеңесі» ережесі қаралсын және Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылсын;

6.3 Академиялық сапа жөніндегі кеңес туралы ереже қайта қаралсын және Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылсын;

6.4 Аккредиттеу комиссияларының ұсынымдарына және білім беру бағдарламалары туралы ереженің жаңартылуына байланысты білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарындағы (План развития ОП) өзгерістер туралы есеп назарға алынсын.

Сөз сөйлеген Ергөбек Ш.Қ.: Құрметті әріптестер Оқу-әдістемелік кеңес отырысы аяқталды. Қатысқандарыңызға рахмет.

Төраға

Хатшы



Ш. Ергөбек

Ф. Қабылова